

Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензия беру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 6 маусымдағы N 266

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасы мекемелерімен және "Кляйм Гмбх" фирмасымен (Германия) табиғи тасты өндіру және өңдеу жөнінде 1995 жылғы 20 қаңтарда жасаған KAZ 95-1/1 инвестициялық жобаны уақытылы, толық жүзеге асыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы "Тұтас" ғылыми-зерттеу акционерлік компаниясына Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Желтау кен орнынан (2 учаске) гранит блоктарын қазуға Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылғы 21 тамызда берген МГ сериялы N 649 жер қойнауын пайдалануға құқық беретін лицензияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне кепілдеме ретінде қоюға рұқсат етілсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары